

**«Тәрбиеші көмекшісі» лауазымына арналған
«Педагогикалық психология» пәні бойынша тест спецификациясы**

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі - ДББҰ) «тәрбиеші көмекшісі» лауазымына конкурс өткізу барысында педагогикалық, жас ерекшелік, әлеуметтік, практикалық психология саласындағы білім, білік және дағдыларын бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативтік құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. 5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы.

4. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын ұсынылған дереккөздер:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім	1-модуль	2-модуль	3-модуль	Барлығы
1	Тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдері	1	1	1	3
2	Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.	2	1	-	3
3	Тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктері	3	-	2	5
4	Жас ерекшелігі анатомиясы, физиологиясы мен гигиена негіздері	3	1	1	5
5	Санитарлық-гигиеналық нормалар	1	1	-	2
6	Алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі	3	1	1	5
7	Өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру	2	-	-	2
Барлығы		15	5	5	25

6. Тестің құрылымы, бағалау және ұзақтығы

Тест бес мүмкін нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты болжайтын 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест үш модульден тұрады:

Модуль	Сипаттамасы
1-модуль (базалық деңгей)	Жоғары оқу орындарының педагогикалық психология бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес келетін тапсырмалар
2-модуль (ілгері деңгей)	Жоғарғы оқу орындарының педагогикалық психология бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес білімді қолдануға бағытталған тапсырмалар
3-модуль (жоғары деңгей)	Жоғары оқу орындарының педагогикалық психологиясы бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес келетін, оқушылардың мінез-құлық және жеке сипаттамаларын талдауды тексеруге бағытталған тапсырмалар

1. «Тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдері» бөлімі

Тәрбие әдістерінің классификациясы. Оқушылардың өмірі мен қызметін ұйымдастыру әдістері. Тәрбиелік ықпал және әдістемелік тәсіл. Тәрбиелік ықпал ету әдістері. Тәрбиешінің қызметіндегі педагогикалық техника.

2. «Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру» бөлімі

Жатақханадағы тәрбие жұмысын жоспарлау. Өлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау, қолайлы моральдық-психологиялық ахуал. Өзара қарым-қатынас мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Бос уақытты мазмұнды өткізуді қамтамасыз ету, денсаулықты нығайту.

3. «Тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктері» бөлімі

Темперамент. Темперамент типтерінің сипаттамасы. Мінез. Мінез акцентуациясы. Қабілеттер. Қабілеттердің классификациясы. Сезімдер мен эмоциялар. Ерік.

4.« Жас ерекшелігі анатомиясы, физиологиясы мен гигиена негіздері» бөлімі

Жас ерекшелік кезеңдері. Оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері. Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуын жеделдету және қалпына келтіру. Мектепке бейімделу. Балалардың өсуі мен дамуына әсер ететін факторлар. Жыныстық жетілу. Білім беру процесінің режиміне қойылатын гигиеналық талаптар.

5.« Санитарлық-гигиеналық нормалар» бөлімі

Жалпы білім беретін, интернаттық ұйымдарды орналастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Білім беру процесінің режиміне қойылатын гигиеналық талаптар. Ұйымның оқу-тәрбие және сауықтыру жұмыстарының ерекшеліктерін ескере отырып, физиологиялық-гигиеналық талаптар.

6.« Алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі» бөлімі

Медицина қызметкері болмаған кезде оқушыларды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету. Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету тәртібі.

7.« Өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру» бөлімі

Тәрбиеленушілердің оқу-тәрбие жұмысы және тұрмысын ұйымдастыру. Жатақханада тәрбие жұмысын жоспарлау.

Тест орындау уақыты – **40 минут**.

Педагогикалық өлшеулер орталығы тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тест қорытындысы ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен, **апелляция жүргізілмейді**.

Тесттен өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.